

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

институциональный (какие социальные институты осуществляют передачу культурно-исторического опыта).

Также И.С. Кон описывает этапы социализации: этап развития культуры – подготовка к жизни, передача базовых знаний. Этап развития культуры – передача семейных ценностей и традиций. Этап развития урбанизации – рост значимости социальных институтов в процессе социализации [5, с. 33]. По мнению А.В. Петровского, социализация представляет собой диалектическое единство процессов прерывности и непрерывности. Данный подход объединяет в себе элементы социальной и возрастной психологии. Модель социализации по А.В. Петровскому, ее прерывность, представляет собой вхождение индивида в референтную группу, непрерывность – этапы возрастной периодизации [6, с. 373].

Во взглядах А.В. Петровского отражается значимость группы как транслятора норм и ценностей для индивида. Адаптируясь к группе, индивид не только приспосабливается к новым условиям своего существования, но стремится заявить сообществу о своем «Я».

Психологические механизмы представлены включают в себя: 1) импринтинг – фиксирование на подсознательном уровне поведения жизненно важных объектов (образов, ощущений); 2) экзистенциальный нажим – влияние условий бытия на человека; 3) подражание – сознательное или бессознательное следование поведенческим моделям, фиксируемых в социальной среде; 4) идентификация – отождествление и усвоение на когнитивно-поведенческом уровне норм, установок, ценностей референтных лиц и групп; 5) рефлексия – внутренний диалог индивида со своим «Я», в процессе которого он принимает решения, осознает и переживает реальность, прошлое, выстраивает образ желаемого будущего. К социально-педагогическим механизмам относятся: 1) традиционный механизм социализации – усвоение норм, установок, правил поведения при взаимодействии с ближайшим окружением; 2) институциональный механизм социализации – усвоение норм, установок, правил поведения при взаимодействии с социальными институтами (религиозными, политическими, профессиональными, средствами массовой информации); 3) стилизованный механизм социализации – усвоение норм, установок, правил поведения при взаимодействии с эрзац культурами и субкультурами; 4) межличностный механизм социализации – усвоение норм, установок, правил поведения при взаимодействии со значимыми другими, референтными лицами. Таким образом, можно сделать вывод, что социализация представляет собой совокупность процессов приспособления (адаптации) к социальной среде и обособления (автономизации) от нее, включает в себя усвоение и воспроизведение социального опыта.

Список литературы

5. Мудрик, А.В. Социальная педагогика: учебное для студ. пед. Вузов/вод ред. В.А. Слостенина. М.: Издательский центр «Академия», 2009. 184 с.

6. Петровский А. В. Личность в психологии: парадигма. Ростов н/Д: Феникс, 1996. 512 с.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ БАТЫРҒА ТӘН БАЛАЛЫҚ ШАҚ НЕМЕСЕ АЛҒАШҚЫ ЕРЛІК МОТИВІ

ЖИЕМБАЕВА Г.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,

PhD доктор

Астана, Қазақстан

Түйін: Аталған мақалада түркі халықтарының батырлар жырындағы батырға тән балалық шақ немесе алғашқы ерлік мотиві қарастырылады

Кілт сөздер: батырлар жыры, батыр, балалық шақ, алғашқы ерлік

Резюме: В статье рассматриваются мотивы детства героев, первого подвига в героических эпосах тюркских народов

Ключевые слова: героический эпос, герой, детство, первый подвиг

Abstract: The article discusses the motives of childhood heroes, the first feat in the heroic epics of the Turkic peoples

Key words: heroic epic, hero, childhood, first feat

«Батырдың ерте ер жетуі, жастайынан ерлік көрсетуі, алыптық танытуы» түркі халықтарының эпостарына тән, кеңінен тараған типтік құбылыс екендігі даусыз. Қалың елдің аңсап күтуімен, ата-анасының зарығып сұрауымен дүниеге келген батыр бала көпшіліктен дараланып, тез өсіп, ерекше ақылды, мықты болып келеді. Зарықтырып дүниеге келген жалғыз баланың ерекше жағдайда дүниеге келуі, оның батыр атанып, өз руына, тайпасына қызмет етуі эпостарда кеңінен таралған мотив.

Жалпы, батырдың сәби күнінде ерлік көрсетуі, жауға қарсы шабуы архаикалық эпосқа тән құбылыс. Батырға тән балалық шақ немесе алғашқы ерлік мотиві туралы академик С. Қасқабасов «Көп жағдайда ол ә дегеннен шайқасқа қатыспайды. Керісінше оның күші құрдастарымен ойнап немесе күресіп жүргенде білінеді. Кейде батырдың алыптығы оның жас кезінде аса қауіпті мақұлықпен, я болмаса жабайы аңмен алысқанда көрінеді. Мысал ретінде, кітаби эпос «Қорқыт ата кітабындағы» асау бұқаны өлтіретін Бұқашты, өзінің құрдастарын толық жығып, төбесіне шығып алатын Едігені, бір кемпірдің баласын шекесінен шертіп қалып байқамай өлтіріп қоятын Алпамысты т.б. батырларды айтуға болады. Мұндай «ойындарды» ғылымда «батырлық ойын» немесе «алғашқы ерлік» дейді. Батырдың алғашқы қаһармандығы ерте жаста көрінгендіктен, ол жауға қарсы шайқас емес, негізінен, күш сынасу, кейде аңмен алысу түрінде болып келеді» [1, 187 б.], – дейді. Эпостарда алғашқы ерлік сынына дейін ешкімге елеусіз жүрген батыр аталмыш сыннан өткеннен кейін атақ-даңққа бөленеді. Жеке дара жауға қарсы шауып батырлық көрсету, жабайы аңды өлтіру, күрестерде, сайыстарда жеңу батырдың алғашқы ерлігіне жатады.

Қаһармандық эпостарда батыр көбіне жалғыз бала болады. Сұрап алған баланың дүниеге келуі де оңай болмайды. Батыр көбіне аузы дуалы бірінің айтуымен немесе баталарымен дүниеге келеді.

Кейбір эпостарда батыр болар баланың жасы санамаланып, оның әр жастағы мінез-құлқы, іс-әрекеті сипатталады. Мысалы, «Қисса-и Қарабек» жырында Қарабек: «Екісіне келгенде, Бесікте жатып ойнаған. Үш жасына келгенде, Жай тасындай жайнаған. Алты жасқа келгенде, «Жауды қашан берер» деп, Бармағын жатып шайнаған [2, 212 б.]. «Сайын батыр» жырында Сайын батыр дүниеге келгенде «Емшек берсе ембеді, Ет берсе де жемеді. Анасының қарасын, Егіз екі көрмеді» [2, 166 б.] деп суреттеледі. «Қобыланды батыр» жырының нұсқаларында Қобыланды жастайынан ерекше бітімді, жаудан жеңілмейтін қаһарман ретінде суреттеледі.

Қаһармандық эпостарда баланың есейіп, ер жетуі олардың ғажайып көмекшілерінің, пірлерінің арнайы рәсімдер жасап бата беруінен байқалса, кейде қару мен өзіне тиесілі атты сұрауынан байқалады. «Қобыланды» жырының Көшелек нұсқасында жасы он екіге толған бала үйде жатқанына намыстанып, әкесі Қыдырбайға келіп былай дейді: «Қыдырбайдай атамыз,/ Қолыңнан берші батаңыз./Он екі жасқа келгенше/Босқа қарап жатамыз. /Тоқпақ жалды торы айғыр/Сол айғырды беріңіз.../Өзіңнің жастан қолданған/Қаруыңды бер, – деді./Беліме орай шалайын [3, 115 б.].

«Алпамыс батыр» жырында өрмек құрып отырған бір кемпірдің қасында ұйықтап жатқан баланы түртіп қалып өлтіріп алған он жасындағы Алпамыс кемпірдің «Далада мен отырмын құрып өрмек, Жалғызды қасымдағы қылып өрмек, Баламды жалғыз менің өлтіргенше, Алсайшы Гүлбаршынды, қу жүгірмек...» сөзінен кейін Алпамыс қалыңдығын іздеп, алыс сапарға аттанады. Он жастағы Алпамыс тапқырлықпен ат таңдап, қайраттылық көрсетіп «... қызыл найза қолға алып, Шұбарға қарғып мінеді». Осы мотивтен кейін батырдың өмірі бірден өзгеріп, батырлық мінезі көрініс бере бастайды: Ұл бір жасына келгенде/Біл

тасындай жайнады./Екі жаста Алпамыс/Ер қаруын сайлады./... Он жасына келгенде,/Әкесіне барады,/Ақ батасын алады [4, 76 б.].

Алтайлардың «Маадай Қара» эпосында Маадай Қараның ұлы Көгүдей Мерген: «Екиле конуп «ене» деди,/Ене чуун жара тепти,/Алты конуп «адам» деди,/Агаш кабай жара тепти [5, 371 s.]. Жырда бала батыр Алтай иесінің көмегімен ғажайып есеюді басынан өткізеді.

Тува халқының «Бокту Кириш – Бора Шеелей» қаһармандық эпосындағы «белі шойыннан, кеудесі болаттан жаралған» батырдың тез өсуі былайша суреттеледі: «Бир хонгаш,/«Бир харлыг мен» деп,/Ижи хонгаш/«Ижи харлыг мен» – деп/Бір күн өтті/Бір жасқа келдім, деді/Екі күн өтті/Екі жасқа келдім, деді [6, 79 s.]. Бала алғашқы ерлігін екі мифтік құбыжық шулбуларды өлтіру арқылы көрсетеді.

Қазақтың батырлық ертегілерінің бірі «Керқұла атты Кендебайда» батырдың ғажайып өсуі мен ержетуі «Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті; алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті; алты жылда алып жігіт болыпты» дейді. Бала кезінен асқан мерген болған бала «алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атанды жалғыз тартып шығара беріпті, көкжалды құйрығынан ұстап алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті» [7, 54 б.] деп баяндалады.

Батырлық ертегілердің бірі «Ер Төстікте» Ер Төстік «бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жаңа өспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағы тоғыз қабат кетпеннен өткізеді».

Байқағанымыздай ертегілерде мотивтердің көне түрін, эпостарда оның дамыған, тарихи элементтер енген типін көре аламыз.

Ә. Диваевтың «Алпамыс батырдың хикаясы» атты нұсқасында Алпамыс жеті жасында Құлтай бабасына келіп: «Қалмаққа кеткен келініңіздің ізінен кетемін, маған бір ат бер», – дейді. Құлтай бабасы «қайратты, ержігіт екенінді білейін, өзіңе лайықтап айтқан құлынды ұстап ал» дейді. Көп жылқыны айдағанда Алпамыс өзіне еншілеген атты, Байшұбарды таңдайды. Құлтай бабасы « - Құтты болсын мінген атың, сен, сен – менің мәдатым» деп риза болып, Байшұбарға тілләдан ер салып, қос тартпасын шалып береді [4, 32-33 б.].

«Көрұғлы» жырының Р. Мәзқожаев нұсқасында Көрұғлы он үш жасқа толғанда ғайып ерен қырық шілтендер шашын алып, басына тәж, үстіне тон кигізіп, Ғират атына мінгізіп, қолына бес қаруын ұстатып батасын береді [8, 167 б.]. Батырдың бұл іс-әрекеттері «кәмелетке жеткенінің символы» саналады десек те болады. «Көрұғлының көрде туғаны» жырында он жастағы Көрұғлының даралығы, ерекшелігі, алып күші былайша суреттеледі: Жалғыз өзі топтай болып,/Ұзатылған оқтай болып.../Қабат басты тау мен тасты,/Боз биеге қамшы басты./Неше күндей тынбай жүріп,/Небір биік таудан асты./Ай астында шолпан жұлдыз,/Су түбінде ойнар құндыз./Жалғыз өзі келе жатыр,/Қырық бір кеш, қырық бір күндіз [8, 89 б.].

Кейбір қаһармандық эпостардағы бас кейіпкерлердің керемет күштілігін сипаттайтын эпизодтар «алғашқы ерлікке» қарағанда «батырлық ойындарға» сай келеді. Яғни кейбір қаһармандық эпостардан ерлікке қарағанда батыр болатын баланың бейнесіне жасалған алғышарттар, «батырлық ойындарды» көреміз.

«Көрұғлы» жырының Р. Мәзқожаев және Ә. Жұмағазин нұсқаларында Көрұғлының алғашқы ерлігі өзімен жасты балалармен асық ойнап, ұтылып, олардан асықтарын тартып алып, әлімжеттік көрсету арқылы суреттеледі. Өзгелерден дара туған Көрұғлы «Асық ойнап ұтылып та қалады. Ұтылған соң қайтадан тартып алады. Мейлі кіші, мейлі үлкен болса да, Лақтырып шыдатпады баланы» [8, 82 б.]. Ұрыста таяқ жеген қызылбас балаларынан тегінің бөлек екенін естіген он екі жасар Көрұғлы анасынан анығын сұрап білгеннен кейін мінезі бірден өзгеріп сала береді. Осы жайттен кейін батырдың өмірі өзгеріп, батырлық қырлары көрініс бере бастайды. «Балалықтан арылып» «бек, батыр» атанады. Ал түрік нұсқаларында Көрұғлы тамағын тартып алмақшы болған бұзық балалармен төбелесу арқылы алғашқы ерлігін көрсетеді.

«Едіге» жырында Едігені «Үш жасына кіргенде, қолынан тұтып молдаға берді. Шашты Өзіз ғайып болды, ұшып кетті, баласының бір парызынан құтылған соң. Одан соң сегіз

жасқаша окуда тұрды, тоқсан бала бірлән. Сол балалар бірлән күрессе, бәрісін де жықты. Бәрісінің киімдерін алып, бір жарға үйіп салды; киімдерінің үстіне шығып, олтырып айтты: «Міне, Тоқтамыс ханның тағының үстінде олтырдым», – деді» [9, 25 б.]. Жырдағы Едігенің үш жасында оқуға баруы, сегіз жасында күрескен балаларының бәрін жеңуі оны басқаларынан даралап, ерекше болатындығын көрсетіп тұр.

«Ер Шорада» батырдың есеюі эпикалық әсірелеу мен шындықты бірлестіру арқылы жасалған. Шораның жеті жасқа келгенде атқа мініп, жауға шабуы, таманың қырық баласына зорлық жасаған мың баланы жазалауы, атын тартып алып, өлтірмек болған Әлібиді жеңуі батырдың жедел есеюін көрсетеді.

Түркі эпостарында батырдың ержетуіне байланысты ғажайып оқиғалардың орын алуы батырдың келешекте жететін жеңістерінің хабаршысы саналады. Эпостардағы батырдың дүниеге келуі көбіне халықтың ішкі және сыртқы факторларға байланысты қиыншылықтар көрген уақыттарында және де сол ауыртпалықтардан құтылудың шарасын күткен кездеріне тұспа тұс келеді. Батырдың тезірек өсіп қиындықтардан құтқаруын күтеді.

Түркі халықтарының эпостарынан батырлардың балалық шағына байланысты маңызды мәліметтерді кездестіруге болады. Алайда, батырлардың балалық шағына көп тоқталынбағанын көреміз. Эпостарда батырдың балалық шағына байланысты мәліметтердің ғажайып физикалық ерекшеліктерімен шектеулі қалғандығын көреміз. Қарапайым адамдарға қарағанда жас бала үлкен күшке ие болып келеді.

Эпостардың өзіне тән ішкі динамикасы бар. Алдыңғы мотив келесі мотивке дайындық іспеттес болып келеді. Батырлардың балалық шағы мотивінен кейін батырдың есім алу, ержету кезеңіне аяқ басқандығы сипатталады. Эпостағы бала батырлар алғашқы ерліктерін оң-солын танығаннан кейін ғана көрсете алады. Сәби күнінде ерлік көрсетіп, жауға қарсы шығу қаһармандық эпосқа қарағанда архаикалық эпосқа тән құбылыс болып келеді.

«Манас» эпосындағы Манастың батыр болатыны бала кезінен белгілі еді. Ол балалық шағынан бастап халқы үшін соғысып, дұшпандарын жеңуді қалайды. Манас – белгілі бір мақсатпен, белгілі бір миссиямен дүниеге келген батыр. Балалық шағындағы қалауы, арман тілегі оның келешекте қол жеткізетін атақ-даңқының белгісі саналады. Манас тумасынан, балалық шағынан бастап қарапайым адамдардан өзгеше жаратылысқа ие батыр. Қарапайым адамдардың ұзақ уақыт ішінде ие болатын қасиеттеріне батыр азғантай уақыт ішінде қол жеткізеді.

В.В. Радлов жинақтаған нұсқада Манас бесікте жатып-ақ кәпірлерді тонап, елінен қуып шығатындығын, мұсылмандардың жолын ашатынын, Бейжіндегі Конгур баймен соғысатынын айтып сөйлей бастайды. Он жасында оқ атып, он төрт жасында өзін хан жариялайды. Жүсіп Мамай нұсқасында Манас төрт жасына келсе де жүре алмайды. Өйткені болаттай денесін аяғы көтере алмайды. Иығы екі құлаш, аяқтары бураның аяғындай Манас тек бес жасына келгенде ғана кеудесін көтеріп жүре бастайды. «Манас» эпосында басқа эпостардағыдай туар тумас жүріп, сөйлейтін батыр типінің өзгеріске ұшырағанын төрт жасына дейін жүрмейтін батыр типін көреміз. Манас алты жасына келгенде күн сайын жылқыға барып семіз бір ат, оған қоса бір тай сойып жейді. Малды тауысып бітіресің деген әкесінің ренішінен кейін әкесінен шығып Тұрфанға барады. Сол жерде қара Ноғаймен танысып жеті жасында егін егеді.

Қырғыздардың «Ер Солтоной» эпосында Жолборсканның ұлы Темірқан жиырма күнде күліп, екі айда отырып, үш айда еңбектеп, бесінші айда жүріп, тоғыз айда сөйлеп ақылы он жасындағы баладай болыпты [10, 22 с.].

Қырғыздардың «Бостон» жырында дүниеге келген баланы алты әйел жүріп құндақтай алмайды. Сәби қолын ашып тербетілгенде екі әйел екі жаққа құлайды. Он ақ киізге оралған сәби киізді бір теуіп бөлшектейді. Бесікке де сыймайды. Отыз палуан келіп алпыс кигізге орап екі таудың арасына бөлейді. Бала дүниеге келер-келместе ашыққандай болып аузын қимылдатады. Аспаннан түскен бұлттың ішінен шыққан Қызыр баланың атын Бостон қояды. Бала екі күннен кейін сөйлей, үш күннен кейін жүре бастайды. Үшінші күн бір отырыста алты қозының егін жейді, бірақ тоймайды. Тоғыз күнде өз-өзімен ойнай бастайды. Айға толғанда балалармен ойнайды. Ойнаған баларына зияны тиіп, тіпті өлтіріп те алады. Бір жасына

келгенде мінетін ат таба алмайды. Өйткені қай атқа мінсе сол аттың белі сынады [10, 25-26 б.]. Жырдағы ғажайып баланың айбаты да, тәбеті де басқалардан өзгеше: Енеден жерге түшкөндө/Кайсалақтап көз ачат,/Тамақ сурап ооз ачат./Карын майды алып барса,/Оозантыш үчүн балага/Бір қарын май алып барса,/Капшырып аны жутқаны,/Дағы бер деп тамшанды [10, 25-26 б.].

Батырлардың балалық шағын суреттегенде Солтүстік түркі халықтарының эпостарында мифологиялық элементтердің көбірек сақталғанын көреміз. Эпостарда ғажайып дүниеге келген сәбидің балалық шағы да ерекше, әсіреленген түрде өтеді. Батыр бала жылдам өсіп, соғысқа әзірленеді.

«Өлөштөй» алтай эпосында Өлөштөйдің ұлы Ерке-Коо бір қолына жай тасын, бір қолына қан ұстап туады. Бала екі күнде ана, үш күнде әке дейді. Бір айдан кейін сөйлеп, жүгіре бастайды. Үш жасына келген кезде аты, сауыты, қылышы бар жауынгерге айналады. Құздан шығып кездескен палуандарды қорқытады, атасына барып анасының мұрасын сұрайды [11, 90-110 с.].

«Ақ Тайчы» эпосында Ақ Тайчы отбасында екінші бала. Алайда өзінен бұрын дүниеге келген ағасын Ерлік алып кеткеннен кейін ұзақ уақыт баласыздық зарын тартқан ата-анадан дүниеге келеді. Ерлік алып кеткен бала қасқыр кейпіне еніп жаңа туған бауыры Ақ Тайчыны Ерліктен қорғау үшін қасына алады [11, 118 с.].

«Ақ Тайчы» эпосындағы баланы қасқырдың өсіруі Көктүріктердің бөріден таралуына байланысты аңыздарды еске түсіреді. Эпоста қасқыр өсіріп жеткізген Ақ Тайчы айбатты батыр болып сапарға шығады. Ақ Тайчының ағасы Ақ Бөкө табиғаттың билеушісі іспеттес. Ақ Бөкө маралдарға бауырын емізуге бұйрық береді. Маралдардың емізуі табиғи өсуді көрсетеді. Таудың етегінде маралдардың сүтімен азықтанған Ақ Тайчы тез өсіп жетіледі. Еркін Коо сияқты Ақ Тайчы да қысқа бір мерзімде әке, шеше деп сөйлеп, бесігінен түсіп жан-жағын аралай бастайды. Ақ Бөкө бауырына соғыс киімдерін, ат, қару-жарақ береді [11, 121-123 с.]. Ақ Тайчы да осыдан кейін дұшпандарымен жалғыз өзі күресетін батырға айналады.

Алтайлардың «Ерке-Коо» эпосында шақпақ тастан пайда болған батыр аштықтан өлейін деп жатқанда Көгүдей Мерген еліне әкеледі. Қарны тойған бала екі күннен кейін ана, алты күннен кейін әке деп айғайлайды. Жетінші күні темір тұсауды теуіп сындырады [11, 35-36 с.].

Тувалардың «Танаа Херел» эпосында [12, 209-210 с.] Шаң Хаан жүз сегіз әйел алса да балалы бола алмайды. Бақсының кеңесімен батыста тұратын Пат-Патпалчын ханның патшайымын шақырту үшін жіберетін адам іздейді. Алайда ол жаққа баратын адам таба алмайды. Сол кезде бір қарт үш жастағы баланың ғана бара алатындығын айтады. Эпоста осы бала Танаа Херелдің басынан өткен оқиғалар баяндалады. Ерекше бала мінген аттарының белдерін сындырады. Тек үш жыл буаз қалып үш айда тумаған биенің тайы ғана оны көтере алады. Баланың мінген аты да өзі сияқты ғажайып ерекшеліктерге ие болып келеді.

Тувалардың «Баян Тоолай» эпосында да ғажайып балалық шақ эпизоды баяндалған [12, 479 с.]. Аталған эпоста Мөге Баян Тоолайдың әйелі дүниеге әкелген бала бес-алты еңбектеп, оныншы күннен кейін жүтіріп, ойнай бастайды.

«Алдын Чаагай» эпосында батыр төрт жасынан бастап әпкесі мен қарындасын асырау үшін аңшылықпен айналысады [12, 527 с.].

Тувалардың «Мөге Шагаан Тоолай» эпосында қартайған Сай-Куу дүниеге әкелген бала екі күнде анасын танып, үш күннен кейін жүреді, анасын еміп жүріп, аң аулап үйіне әкеледі. Орманда бір мақұлықты өлтіріп қарнын жарғанда қарнынан адамдар шығып өзіне бата береді [12, 26 с.].

Сахалардың «Жулуруяр Нургун Боотур» эпосында батыр аспанның тоғызыншы қабатында туа салысымен орнынан тұрады. Екі жасына толғанда елге тыныштық орнату үшін ортаңғы әлемге жіберіледі. Екі жасынан бастап аңшылықпен айналысқан бала бұғылардың танауынан, киікті танауының тесігінен, аюды самайындағы жүндерінен тартып ойнайды [13, 171 с.]. Нургун Боотур төменгі әлемнің абаасылары алып кеткен қарындасын құтқару арқылы есейгенін көрсетеді [13, 187-227 с.].

Алтайлардың «Маадай Қара» эпосындағы Көгүдей Мергеннің әкесін тауып Қара Құла қағаннан өш алу үшін Қара Құла Қағанның еліне сапар шегуі оның есею сапары болып саналады. Көгүдей Мерген осы сапарында Ерліктің екі батырын жеңуі, улы сары теңізден өтуі, ашылып жабылған екі тауды ашуы арқылы сыналады [5, 61-62 с.]. В.В. Радлов жазып алған шорлардың «Алтын Ергек» эпосында бала үш жасында әкесінің өшін алуға шығады.

Баланың ер жетіп есейгені қаһармандық эпостарда ғажайып көмекшілердің арнайы рәсімдерді жасап, бата беруінен көрінсе, кейбірінен өзіне жақын адамдарынан мінерге ат, ұстарға қару сұрауынан басталады. Бала батырдың ерлігі ата кегін қуу, атастырған қалыңдығын іздеп сапарға шығу, ел шетіне келген жауға қарсы аттану түрінде кездеседі. Ғалым Б. Әзібаева эпостарда кездесетін батырға әулиелердің бата беріп, бес қаруын бойына іліп, атқа мінгізуін батырдың кәметке жетуінің символы, көне инициация ғұрпының өте-мөте көмескіленген сілемі деп қарастырады [14, 18 б.]. Қаһармандық эпоста баланың әр жастағы мінез-құлқы сипатталып, жасы санамаланған мотив-мінездемелерден кейін ғана батыр маңызды оқиғалардан орын алады. Батырдың бала кезінде ғажайып ерекшеліктерімен көзге түсуі батырға тән қалыпты жайт десек те болады. Керісінше болған жағдайда батырдың қарапайым адамдардан еш айырмашылығы болмай қалады.

Батыр балалық шақтан шыққандығын керемет батырлық көрсету арқылы дәлелдейді. Жалпы сәби күнінде ерлікпен көзге түсу көбіне архаикалық эпосқа тән құбылыс болып келеді. Қаһармандық эпостарда батырлар алғашқы ерліктерін кәметке жеткеннен кейін ғана көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма баспасы, 2002, – 584 б.
2. Бабалар сөзі: Жүзтомдық / ред. С. Қосан. – Астана: «Фолиант», 2007. - Т. 44. – 496 б.
3. Бабалар сөзі: Жүзтомдық / ред. С. Қосан. – Астана: Фолиант, 2006. - Т. 37. – 544 б.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық / ред. С. Қосан – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 34. – 384 б.
5. Salahaddin B. Maaday Kara Destanı. – Elazığ: Manas Yayınçılık, 2007. – 589 s.
6. Tuva Destanları. / hzl.: E. Arıkoğlu, B. Borbaanay. – Ankara: Öncü Basımevi, 2007. – 581 s.
7. Бабалар сөзі: Жүзтомдық / ред. Б. Әзібаева, С. Қосан. – Астана: «Фолиант», 2008. - Т. 52. – 352 б.
8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық / ред. Б. Әзібаева – Астана: Фолиант, 2008. – Т. 48. – 536 б.
9. Бабалар сөзі: Жүзтомдық / ред. С. Қосан. – Астана: Фолиант, 2006. - Т. 39. – 448 б.
10. Altay Destanları 1 / hzl. İ. Dilek. – Ankara: TDK yayınları, 2002. – 365 s.
11. Акматалиев А. Кыргыз адабиятының тарихы. – Бишкек: Манастануу баспасы, 2002. – 218 б.
12. Ergun M., Aça M. Tıva Kahramanlık Destanları I. – Ankara: Akçağ yayınları, 2004. – 495 s.
13. Ersöz M. Saha (Yakut) Türklerinin kahramanlık destanı. – Ankara: Türksöy yayınları, 2010. – 524 s.
14. Әзібаева Б. Шеризат-Гүлшат. Ғылыми басылым. – Алматы: Ғылым, 2001. – 118 б.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

*КҮМІСБЕК М.
Республикалық
«Егемен Қазақстан» газетінен
17 тамыз, 2022*

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы жайлы өзі сүйген ұлттың сөзі айтылды. Бірақ сонда да аз секілді, қазақ үшін күрескен тауанды тұлғаның тереңіне кім бойлапты. Жақында Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивінен қайраткердің құжаттарын көзіміз шалып қалды. Алаштың арманы үшін алып империямен алысқан қазақ баласының жүрек сөзі жазылған қолжазбалар ерен ерді еске түсіреді.